




Ұлттық білім беру деректер қорын толтыру туралы
№ 1 нұсқаулық

Төлқұжат
Мектепке дейінгі ұйымдар





Қазақстан Республикасы Білім беру және ғылым министрлігі

АҚ «Ақпараттық талдау орталығы»

**Ұлттық білім беру деректер қорын толтыру туралы
нұсқаулық**

**Төлқұжат
Мектепке дейінгі ұйымдар**

Астана, 2016

Мазмұны

1. Білім беру ұйымдарының типін анықтау	4
2. Білім беру ұйымдарының атауын жазу	4
3. Бөлім «Тіркеу мәліметтері».....	4
4. Бөлім «Материалдық-техникалық қор».....	7
4.1 Бөлімше «Ғимарат туралы мәлімет»	7
4.2 Бөлімше «Кітапхана/Оқулықтар»	9
4.3 Бөлімше «Кабинеттер/Сыныптар/Дәрісханалар».....	10
4.4 Бөлімше «Компьютерлеу»	10
4.5 Бөлімше «Асхана»	11
4.6 Бөлімше «МТҚ туралы қосымша мәліметтер»	12
5. Бөлім «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер»	12
5.1 Қосалқы бөлімше «Жарыстар, байқаулар және олимпиадалар».....	13
6. Бөлім «Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер»	13
7. Бөлім «Жатақхана/Интернат».....	14
8. Бөлім «Қосымша мәліметтер»	14
8.1 Бөлімше «Кадрлар туралы қосымша мәліметтер»	14
8.2 Бөлімше «Контингент туралы қосымша мәліметтер»	14
8.3 Қосалқы бөлімше «Түлектер».....	15
8.4 Бөлімше «Қаржыландыру»	15
8.5 Бөлімше «Қамқоршылық кеңестер»	15
8.6 Бөлімше «Әлеуметтік серіктестік.....	15
9. Бөлім «Төлқұжатты толтыратын жауапты адам»	15
10 Бөлім «Қызметкерлер».....	16
11 Бөлім «Контингент»	22
12 Формат-логикалық бақылау (ФЛБ).....	23
13 Электронды цифрлық қол қою (ЭЦҚ)	24
14 Нормативтік құжаттар.....	24

1. Білім беру ұйымдарының типін анықтау

ҚР БҒМ Бұйрығымен бекітілген, білім беру ұйымының Типтік ережелеріне сәйкес толтыру қажет

Мектепке дейінгі ұйымдар типін - таңдау қажет

БҰ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Білім беру ұйымның атауы	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад № 48 «Ақ көгершін»
Орыс тіліндегі толық атауы	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад № 48 «Ақ көгершін»
Қазақ тіліндегі толық атауы	Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын № 48 "Ақ көгершін" балабақшасы
Орыс тіліндегі қысқа атауы	ГККП «Ясли-сад № 48 «Ақ көгершін»
Қазақ тіліндегі қысқа атауы	МКҚК № 48 "Ақ көгершін" балабақшасы
Білім беру ұйымның түрі (міндетті)	Дошкольные организации

Сақтау

2. Білім беру ұйымдарының атауын жазу

Заңды тіркеуден өткен білім беру ұйымының куәлігі (жарғысы) бойынша орыс және қазақ тілдерінде толық атауын толтыру қажет.

Білім беру ұйымының атауын өзгерткен / қайта құру/ жабу жағдайында ҰББДҚ өзгерістер енгізіп, бұйрық көшірмесін және қаулыны ББ, ҚББ, АББ/«АТО» АҚ электронды түрде беру қажет.

Мысалдар	
Білім беру ұйымының атауы	ГККП «Ясли сад №48 «Ақ көгершін»
Орыс тіліндегі толық атауы	Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли сад №48 «Ақ көгершін»
Қазақ тіліндегі толық атауы	№48 «Ақ көгершін» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Орыс тіліндегі қысқа атауы	ГККП «Ясли сад №48 «Ақ көгершін»
Қазақ тіліндегі қысқа атауы	№48 «Ақ көгершін» балабақшасы МКҚК

3. Бөлім «Тіркеу мәліметтері»

Көрсеткіш	Түсініктеме
-----------	-------------

1.	Білім беру ұйымдарының түрлері	Мектепке дейінгі ұйымның жарғысы және берілген лицензиясына сәйкес таңдау
2.	Білім беру ұйымының БСН	Бизнес-сәйкестендіру нөмірін (заңды тұлға (филиал және өкілдік) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметті іске асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір) салық төлеушінің куәлігі бойынша толтыру қажет (12 сан)
3.	Болу уақыты	Мектепке дейінгі ұйымдар болу уақыты (толық күн болуымен, толық емес күн болуымен, тәулік бойы болуымен)
4.	Жұмыс тәртібі	Жұмыс тәртібін таңдау (алтыкүндік, бескүндік, төрткүндік, үшкүндік, басқа)
5.	Шағын орталық	Лайықтысын таңдау (мектеп жанындағы, мектепке дейінгі ұйымдар жанындағы, басқа ұйымдардың жанында немесе өз бетінше)
6.	Меншік түрі	Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес таңдау -ЖАО ведомствосындағы мемлекеттік ұйымдар – коммуналды , - республикалық ұйымдар – республикалық , жеке меншік ұйымдар – азаматтардың меншігі
7.	Ведомстволық тиістілік	Сәйкес ведомствоны таңдау: - Жергілікті атқарушы органдар (ББ, АББ, ҚББ қарасты ұйымдарына) - ҚР БҒМ (ҚР БҒМ республикалық ұйымдарына) - ДСӘДМ - «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ - ҚР МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті - ҚР ІІМ - ҚР Қорғаныс Министрлігі - Әділет Министрлігі - басқалар
8.	Ұйымның территориялық тиістілігі	Қалалық жер немесе ауылдық жер деп таңдау
9.	Ұйымдастыру-құқықтық түрі	Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес таңдау
10.	Пошта индексі	Пошта индексін толтыру (6 сан)
11.	Елді мекеннің құрамдас бөлігінің түрі	Лайықты елді мекеннің құрамдас бөлігін таңдау (көше, шағын аудан және т.б.)
12.	Елді мекеннің құрамдас бөлігінің атауы	Көшенің/шағын ауданның толық атауын толтыру. Елді мекеннің құрамдас бөлігінің атауы жоқ болған жағдайда елді мекеннің атауы

		ТОЛТЫРЫЛМАЙДЫ, тек (-) символын көрсету қажет
13.	Үй №	Ғимарат нөмірін көрсету. Егер ғимараттың нөмері болмаса, (-) символын қою қажет
14.	Картадағы координат (енділік, ұзындық)	<p>Төлқұжатты ашқан кезде e.edu.kz ресурсы сіздің орналасқан жеріңізді анықтау үшін деректерді сұрайды. Келісе отырып, автоматты түрде координаттарыңызды анықтауға рұқсат бересіз, осылайша координаттар анықталғаннан кейін карта орналасқан жеріңізге сәйкес ашылады.</p> <p>Сіздің орналасқан жеріңізді анықтау үшін әртүрлі шолғыштардағы кіру туралы хабарламалар:</p> <p>Mozilla Firefox: «Сіз осы сайтқа өзіңіздің орналасқан жеріңізді хабарлағыңыз келе ме?» деп қалқыма хабарламада шығады. «Орналасқан жерді хабарлау» ашылған тізбеден «Орналасқан жерді үнемі хабарлау» тармағын тандай отырып, сіз орналасқан жеріңізді автоматты түрде анықтауға рұқсат бересіз.</p> <p>Google Chrome: "https://e.edu.kz сіздің орналасқан жеріңіз туралы деректерге кіруге рұқсат сұрайды" қалқыма хабарлама шығады. «Рұқсат беру» батырмасын баса отырып, сіз орналасқан жеріңізді автоматты түрде анықтауға рұқсат бересіз.</p> <p>Білім беру ұйымының координаттарын анықтау үшін енгізу өрісінде тышқанның сол жақ пернесін басу керек, карта ашылады. Картадан тышқанды қозғалта отырып, білім беру ұйымыңыздың орналасқан жерін табыңыз. Білім беру ұйымыңыз картадан шыққаннан кейін тышқанның сол жақ пернесін баса отырып жалаушаны қойыңыз. Білім беру ұйымыңыздың орналасқан жерін анықтағаннан кейін «Дайын» батырмасын басыңыз – координаттар көрсеткішті енгізу өрісінде автоматты түрде жазылады. Егер қор білім беру ұйымы орналаспаған елді мекенде толтырылса, онда сәйкесінше автоматты мекен-жай бұрыс</p>

		шығады және координаттарды картадан қолмен табу керек болады.
15.	Басшының аты-жөні	Толық толтыру қажет (<i>Беріков Берік Беріқұлы</i>)
16.	Факс (коды+нөмірі)	Білім беру ұйымының телефон факс нөмірін толтыру
17.	Жұмыс телефоны (коды+нөмірі)	Білім беру ұйымының басшысының телефон нөмірін толтыру
18.	Ұялы телефон (нөмірі)	Білім беру ұйымының басшысының ұялы телефон нөмірін толтыру
19.	Білім беру ұйымының E-mail	Ұйымның электронды мекен-жайын толтыру
20.	Негізгі құрылтайшылар	Білім беру ұйымының Жарғысы, лицензиясына қарап толтыру (<i>Астана қ. Әкімдігі</i>)
21.	Заңды тұлғаларды тіркеу туралы мәліметтер	Берілген күні мен нөмірін толтыру (құжатқа сәйкес)
22.	Білім беру ұйымының ашылу күні	Заңды тіркеу Куәлігіне сәйкес көрсету
23.	Аттестацияны өткендер	Білім беру ұйымы аттестация өткен жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
24.	Білім беру ұйымының жабылу күні	Жергілікті атқарушы органдардың шешіміне сәйкес толтыру (қаулы, бұйрық) Егер білім беру ұйымы жабылмаса, онда ТОЛТЫРЫЛМАЙДЫ!

4. Бөлім «Материалдық-техникалық қор»

4.1 Бөлімше «Ғимарат туралы мәлімет»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
25.	Ғимараттар саны, бірлік	Ұйымдағы барлық ғимараттар санын көрсету Шағын орталық мектеп немесе мектепке дейінгі ұйымның жанында болса, онда «0» қойылады және динамикалық кестеде «Ғимараттар туралы мәліметтер» тек қана «Ғимараттың жалпы алаңы (ш.м.)» ТОЛТЫРЫЛАДЫ!!!
26.	Ғимараттар туралы мәліметтер	Техникалық паспортқа сәйкес таңдау және көрсету: - Ғимарат (<i>негізгі, басқа – қосымша ғимарат</i>)

		<p>бар болған жағдайда таңдау),</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ғимараттың салынған жылы, - Ғимаратты пайдалануға берілген жылы, - Ғимараттың типі (типтік немесе бейімделген), - Жылыту түрі (орталық, автономды қазандық, жеке жылыту-қатты отында, сұйық отында, газ отынында, электр қазан, басқа), - Ғимараттың техникалық жағдайы: (жөндеу қажет емес, ағымдағы жөндеу өткізілді, ағымдағы жөндеуді талап етеді, апаттық – ғимараттың апатты жағдайда екендегі туралы мемлекеттік комиссияның шығарылған шешімі болған жағдайда белгіленеді, бар болған жағдайда, күрделі жөндеуді талап етеді, күрделі жөндеу өткізілді, күрделі жөндеуде), - Құрылыстың түрі - (саманнан, блоктан, ағаштан, кірпіш, каркас, монолит, басқа), - Жобалық қуаты, орын - Ыстық судың бар болуы – (болған жағдайда - «иә», болмаған жағдайда - «жоқ»), - Тасылатын су (болған жағдайда - «иә», болмаған жағдайда - «жоқ»), - Үй-жайды қолдану (өз меншігіндегі, жалданбалы, өз меншігіндегі және жалданбалы) - Ғимараттың жалпы алаңы (ш.м.) Ұйымның техникалық тәлқұжатына сәйкес көрсету - Дәретханалардың бар болуы (тек қана жылы дәретханалардың, тек қана қора-қопсы дәретханалардың, жылы және қора-қопсы дәретханалардың)
27.	Топтық бөлмелердің ауданы, ш.м	Ұйымның техникалық тәлқұжатына сәйкес көрсету
28.	Изолятордағы орындардың саны (бар болған жағдайда), бірлік	Болған жағдайда көрсету (сандық формат)
29.	Кедергісіз қол жеткізу	<p>Бар болған кедергісіз қол жеткізу элементерді белгілеу:</p> <p>Үй-жайға кіру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - пандустардың бар болуы - екі жақты тұтқаның бар болуы (жарақаттамайтын,

		үстінен және астына көлденең аяқталған), т.б. Үй-жайдағы қозғалыс белгілері - пандустардың бар болуы - айналу алаңдарының жабдықтары және т.б. Санитарлы-тұрмыстық үй-жайлар: - санитарлық тораптардың есіктерінің ұлғаюы - кабинаның қолжетімділік белгісі, т.б. Телекоммуникалық және ақпараттық құралдар: - қажетті жазбалардың бар болуы - есіктің тұтқасы жағынан үй-жайды таңбалау, т.б. Кедергісіз қол жеткізу элементер бірнешеуі болса, барлығын белгілеу қажет
30.	Бейне бақылаудың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
31.	Турникеттің болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда- «жоқ» таңдау (<i>турникет – ғимаратқа кірер алдында орнатылатын құрылғы</i>)
32.	Музыкалық сабақтарға арналған зал, оның болған жағдайда	Бар болған жағдайда таңдау (<i>қосарлы немесе қосарлы емес</i>)
33.	Жатын бөлмелердің, бар болуы	Бар болған жағдайда таңдау (<i>қосарлы немесе қосарлы емес</i>)
34.	Спортзалдың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
35.	Бассейннің бар болуы (жабық)	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
36.	Шалпылдатқыштың бар болуы (ашық)	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
37.	Ойын алаңдарының бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
38.	Канализацияның бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
39.	Жылу есептегіш жүйесі орнатылған	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
40.	Су өлшегіш құралдың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету

4.2 Бөлімше «Кітапхана/Оқулықтар»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
41.	Оқу-әдістемелік әдебиеттердің саны (ОӘӘ), оның болған	Оқу-әдістемелік әдебиеттердің санын, сондай-ақ бар болған жағдайда арнайы әдебиеттерді көрсету

	жағдайда (арнайы әдебиет), бірлік	
42.	Қазақ тіліндегі кітаптар саны, дана	Қазақ тіліндегі кітаптар санын көрсету
43.	Орыс тіліндегі кітаптардың саны, дана	Орыс тіліндегі кітаптар санын көрсету
44.	Басқа тілдегі кітаптардың саны, дана	Басқа тілдегі кітаптар санын көрсету
45.	Инклюзивті білім беруге арналған ОӘӨ саны, бірлік	Бұзушылық бөлінісінде инклюзивті білім беруге арналған оқыту әдістемелік әдебиеттердің санын көрсету. Болмаған жағдайда «0» символын қою

«Кітапхана/Оқулықтар» бөлімшесіндегі мәліметтерге кітапханашы немесе ұйымның әдіскері жауапты

4.3 Бөлімше «Кабинеттер/Сыныптар/Дәрісханалар»

мектепке дейінгі ұйымдар толтырмайды

4.4 Бөлімше «Компьютерлеу»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
46.	Компьютерлердің бар болуы	Компьютерлер болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
47.	Компьютерлердің саны	Компьютерлердің санын көрсету: Барлығы - білім беру ұйымындағы барлық компьютерлер - оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар барлық компьютерлер Оқу/тәрбиелік үдерісінде қолданады – мұғалімдер мен оқушылардың оқу үдерісінде қолданатын компьютерлердің санын көрсету - оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар мұғалімдер мен оқушылардың оқу үдерісінде қолданатын компьютерлердің санын көрсету Оқытушыларға/тәрбиешілерге арналған – тек қана оқытушылар/мұғалімдермен қолданатын компьютерлердің санын көрсету - оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар - ғаламторға шығу мүмкіндігі бар тек қана

		<i>оқытушылар/мұғалімдермен қолданатын компьютерлердің санын көрсету</i>
48.	Түсу көздері бойынша компьютерлердің саны, бірлік	Есепті жылда қаржыландыру түрі бойынша сатып алынған компьютерлер санын көрсету (<i>республикалық бюджет, жергілікті бюджет, заңды тұлғалардың ерікті жарналары, жеке тұлғалардың ерікті жарналары, басқалар</i>)
49.	Ауыстыруды қажет ететін компьютерлердің саны, бірлік	Ауыстыруды қажет ететін компьютерлердің санын көрсету (<i>бұзылған, пайдалану мерзімі өтіп кеткен</i>)
50.	Соңғы 5 жылда сатып алынған компьютерлер саны, бірлік	Жылдар бөлінісінде сатып алынған компьютерлердің санын көрсету
51.	Ғаламтордың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету
52.	Кең жолақты ғаламтор	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» көрсету Кең жолақты ғаламтор (КЖҒ) - интернет желісінде деректерді жоғары жылдамдықта табыстауды қамтамасыз ететін ауқымы кең технологиялар
53.	Ғаламтордың жылдамдығы	Сәйкес жылдамдықты таңдау 512 кбит/с, 1 ден 10 Мбит/с дейін
54.	Интерактивтік жабдықтың бар болуы (тақталар, проекторлар, панельдер)	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау Интерактивтік құралдар (<i>интерактивті тақталар, проекторлар, панельдер</i>) - инновациялық құрал, жазу, ақпараттарды талдауға мүмкіндік береді)
55.	Интерактивтік тақталардың саны, бірлік	Интерактивтік тақталардың санын көрсету

4.5 Бөлімше «Асхана»

Мектепке дейінгі шағын орталық аталған бөлімшені толтырмайды

	Көрсеткіш	Түсініктеме
56.	Ас әзірлейтін бөліктің бар болуы	Асхана болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
57.	Жабдықтардың, жиһаздың саны, бірлік	Жабдықтардың, жиһаздың санын көрсету (<i>тоңазытқыштар, электр плита, көкөніс кескіш, картоп тазалағыш, ет тартқыш, пісіру шкафы, электр қазан, электр таба, үстелдер, орындықтар, нан кескіш, ыдыс-аяқ жуатын</i>)

	машина) Болмаған жағдайда 0 қою
--	------------------------------------

4.6 Бөлімше «МТҚ туралы қосымша мәліметтер»

Мектепке дейінгі ұйымдар толтырмайды

5. Бөлім «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
58.	Оқыту тілі	Оқыту тілін белгілеу
59.	Контингенттің есептік мәліметтері	Аталған көрсеткіш автоматты түрде саналады. «Контингент» бөлімін толтырған кезде «Топтың атауы» көрсеткішін толтыру барысында топ атауының жазылуын есепке алу қажет
60.	Топтар	Динамикалық кестеден таңдау және толтыру: - Топтың атауы – толықтай жазылады, - Ана тілі ретінде – оқыту жүргізілетін, оқыту және тәрбиелеудің негізгі тілі, - Шетел тілі ретінде - балалар қосымша оқитын шет тілін; егер олар бірнеше болса келесі ұяшыұтар толытырылады (қазақ және орыс тілдері саналмайды), - Орындар саны – топтағы орындар саны толтырылады, - Балалардың саны – топта факт бойынша тәрбиеленетін және оқитын балалардың саны, - Мектеп алды тобы - «Білім беру» Заңына сәйкес 2 тарау 30-бап мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқытуға мектепалды даярлық түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылады, - Санаторлық топ – егер мектепке дейінгі ұйымдарда санаторлық топтар болған жағдайда белгіленеді және ол топтар мектепке дейінгі ұйымдардың топтарының жалпы санына енеді, - Арнайы топ – инклюзивті білім беру

		және мүмкіндігі шектеулі балаларды қамту мақсатында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында топтар бар болған жағдайда толтырылады, Арнайы топтарға арналған мәнді анықтамадан таңдау қажет (сөйлеуде мүкістігі бар, естуде мүкістігі барлар және т.б.), -Болу уақыты - мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының құрылтайшы құжаттарына сәйкес толтырылады
61.	Меншік түріне қарай барлық топтар туралы мәліметтер	Динамикалық кестеден таңдау және толтыру (<i>топтың атауы, тәрбиелеу және білім беру жылы – түсу жасы, оқу жылындағы апта саны, оқу аптасындағы күндер саны, аптасына сабақ оқу саны, сабақ оқу ұзақтығы, минут, жылына мөлшерленген оқу уақыты (жылына сағат)</i>)
62.	Барлық келушілер, адам	Есепті кезеннің мәліметтерін толтыру
63.	3 жастан жоғары жастағы балалардың келімі, адам	Есепті кезеннің мәліметтерін толтыру

$$\text{Мөлшерленген уақыт} = \text{сабақ оқу саны} \times \frac{\text{аптасына сабақ оқу ұзақтығы, мин}}{60} \times \frac{\text{оқу жылында күндер саны}}{\text{оқу аптасындағы күндер саны}}$$

5.1 Қосалқы бөлімше «Жарыстар, байқаулар және олимпиадалар»

Мектепке дейінгі ұйымдар толтырмайды

6. Бөлім «Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
64.	Арнайы сыныптар/топтар саны	Арнайы сыныптар/топтар санын (инклюзивті білім беру) көрсету (<i>есту қабілеті бұзылған балаларға арналған (әлсіз еститіндер, естімейтіндер), көру қабілеті бұзылған балаларға арналған (көрмейтіндер, нашар көретіндер), тірек-қозғалыс аппараты функциялары бұзылған (ТҚАФБ) балаларға арналған, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары</i>)

		бар балаларға арналған, ақыл-ойының дамуы кенжелеп қалған балаларға арналған, психикалық дамуы тежелген балаларға арналған, эмоциялық-еркі және мінез-құлқы бұзылған балаларға арналған, күрделі бұзылыстары бар, оның ішінде соқыр-саңырау болып қалған балаларға арналған) Болмаған жағдайда «0» қою
65.	Логопунктың бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
66.	Консультациялық пункттердің бар болуы	Консультациялық пункттер болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау

7. Бөлім «Жатақхана/Интернат»

Мектепке дейінгі ұйымдар толтырмайды

8. Бөлім «Қосымша мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
67.	Ата-ана төлемінің орташа айлық мөлшері, мың теңге	Айлық төлемді (2 ден 5 жылға дейін, 5 тен 6 жылға дейін) көрсету қажет

8.1 Бөлімше «Кадрлар туралы қосымша мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме	
68.	Педагог қызметкерлердің орташа айлық жалақысы, мың тг.	Есептік мәнді көрсету:	
		педагог қызметкерлердің орташа жалақысы	$= \frac{\text{Барлық педагог қызметкерлердің жалақысы}}{\text{Педагог қызметкерлердің жалпы саны}}$
69.	Педагогикалық кадрлардың қажеттілігі, адам	Ағымдағы оқу жылының басына қажетті педагогтардың санын көрсету оның ішінде әйелдер саны	

8.2 Бөлімше «Контингент туралы қосымша мәліметтер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
70.	Балалардың	Есепті жылдың мәліметтерін толтыру

	сырқаттарының саны, адам	(медициналық қызметкер)
71.	3 және одан жоғары жастағы балалардың сырқаттарының саны, адам	Есепті жылдың мәліметтерін толтыру (медициналық қызметкер)

8.3 Қосалқы бөлімше «Түлектер»

Мектепке дейінгі ұйымдар толтырмайды

8.4 Бөлімше «Қаржыландыру»

Мектепке дейінгі ұйымдар толтырмайды

8.5 Бөлімше «Қамқоршылық кеңестер»

Мектепке дейінгі ұйымдар толтырмайды

8.6 Бөлімше «Әлеуметтік серіктестік

Мектепке дейінгі ұйымдар толтырмайды

9. Бөлім «Төлқұжатты толтыратын жауапты адам»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
72.	Тегі	Жеке куәлік бойынша толтыру
73.	Аты	
74.	Әкесінің аты	
75.	Лауазым	ҰББДҚ толтыратын жауапты тұлғаны – білім беру ұйымының ішкі бұйрығымен директор немесе оқу-ісі бойынша директордың орынбасары бекітіледі. Жауапты тұлға құзыретті мамандарды қадағалап, ҰББДҚ толтырады. Толық және уақытылы толтырылмаған мәліметтер үшін әкімшілік жауапкершілік мектеп директорына жүктеледі.
76.	Жұмыс телефоны (коды+нөмірі)	Жауапты тұлғаның телефон нөмірін толтыру
77.	Ұялы телефон (нөмірі)	Жауапты тұлғаның ұялы телефон нөмірін толтыру
78.	E-mail	Жауапты тұлғаның электронды мекен-жайын толтыру

10. Бөлім «Қызметкерлер»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
79.	ЖСН бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
80.	ЖСН	Жеке куәлік бойынша жеке сәйкестендіру нөмірлерін толтыру (ҚР 2007 жылғы 12.01 № 223 Заңы «сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы»)
81.	Тегі	Жеке куәлік бойынша толтыру
82.	Аты	
83.	Әкесінің аты	
84.	Туған күні	
85.	Жынысы	Жеке куәлік бойынша таңдау
86.	Азаматтығы	Жеке куәлік бойынша анықтамадан елді таңдау
87.	Ұлты	Жеке куәлік бойынша таңдау
88.	Білімі	<p>Білім туралы құжатқа сәйкес таңдау.</p> <p>Жұмыстың негізгі штаттық жүктемелілігіне сәйкес тиісті білімді таңдау.</p> <p>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистр, PhD докторы) – жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық және педагогикалық емес мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Жоғары кәсіптік – жоғары білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық емес мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Жоғары педагогикалық – жоғары білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Жоғары мектепке дейінгі – жоғары білім туралы дипломға сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білімі бар болғанда таңдау.</p> <p>Техникалық және кәсіптік - техникалық және кәсіптік білім туралы дипломға сәйкес педагогикалық емес мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Техникалық және кәсіптік педагогикалық – дипломға сәйкес педагогикалық мамандықтар үшін таңдау.</p> <p>Техникалық және кәсіптік мектепке дейінгі – техникалық және кәсіптік білім</p>

		<p>туралы дипломға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша білім бар болғанда тандау.</p> <p>Жалпы орта білім –жалпы орта білімді аяқтағаны туралы аттестаты бар болғанда тандау.</p> <p>Ескерту: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің педагогикалық мамандықтарына Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі мамандықтар жіктеуішінің сәйкес кестесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің бұйрығына сәйкес 23 мамандық («Білім беру» саласы) жатады.</p> <p>Техникалық және кәсіптік педагогикалық, орта білімнен кейінгі білімнің педагогикалық мамандықтарына ҚР техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтар жіктеуішіне Инвестициялар және даму министрлігінің бұйрығына сәйкес 11 мамандық («Білім беру» саласы) жатады.</p> <p>Ескерту: Білім туралы екі дипломы бар болғанда.</p> <p>Мысал: Бірінші білімі – бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі (техникалық және кәсіптік педагогикалық), негізгі штаттық жүктемелілігі – 1, екінші – қазақ тілі және әдебиеті (жоғары педагогикалық), қосымша жүктемелілігінің ставкасы - 0,25. Жұмыстың неғұрлым штаттық жүктемелілігі бойынша (әртүрлі пәндер бойынша қоса атқарушы да болуы мүмкін), яғни техникалық және кәсіптік педагогикалық білімді тандау.</p>
89.	Электронды адрес (E-mail)	Қызметкердің жеке меншік электрондық поштасы бар болған жағдайда, көрсету
90.	Ұялы телефон (нөмірі)	Қызметкердің жеке меншік ұялы телефонның нөмерін көрсету
91.	Арнайы дефектологиялық білімі бар	«Дефектология» мамандығы бойынша диплом немесе дефектология тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсынан

		өткен сертификаты болған жағдайда «иә» таңдау. Болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
92.	Қызметкерлерге жатады	Негізгі лауазым бойынша лайқты категорияны таңдау - «А» Блогі (басқарушы персонал) - «В» Блогі (негізгі персонал) - «С» Блогі (әкімшілік персонал) - «D» Блогі (қосалқы персонал) «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығы негізінде
93.	Қызметкер	Лайықты мағынаны таңдау (<i>штаттық, қосымша істеуші</i>)
94.	Лауазым/ Мөлшерлеме	Лайықты негізгі лауазымды, мөлшерлемені таңдау. Қайталанбау үшін бір ғана лауазымды көрсету. Мысалы: барлығы пән -мұғалімдері Лауазым – мұғалім/оқытушыны, мөлшерлемесі – 1 белгілейді.
95.	Қосымша лауазым/ Мөлшерлеме	Лайықты қосымша лауазымды, мөлшерлемені таңдау. Мысалы: Лауазымы – қазақ тілі пәнінің мұғалімі, мөлшерлемесі -0,75 қосымша лауазым - кітапханашы, мөлшерлемесі - 0,5
96.	Пәнді жүргізу (негізгі жүктеме)	Мамандығына сәйкес және негізгі жүргізетін пәнді таңдау
97.	Пәнді жүргізу (қосымша жүктеме)	Қосымша жүргізетін пәнді таңдау (бар болған жағдайда)
98.	Академиялық, ғылыми дәреже	Педагогтардың жоғары білімі және жоғары білімнен кейінгі құжаттарына сәйкес дәрежесін белгілеу (<i>дәрежесі жоқ, магистр, ғылым кандидаты, ғылымдар докторы, PhD докторы, бағдар бойынша доктор</i>). <i>Педагогикалық қызметкерлерге жатпайтын, техникалық және басқа қызметкерлерде «дәрежесі жоқ» көрсеткішін белгілеу қажет.</i>
99.	Санаты	Растайтын құжаттарға сәйкес, анықтамадан біліктілік санатын таңдау. Педагогикалық қызметкерлерге жатпайтын, техникалық және басқа қызметкерлер «санатсыз» деп

		толтырылады
100.	Педагогикалық жұмыс өтілі	Жұмыс өтілін растайтын құжатқа сәйкес таңдау (еңбек кітапшасы)
101.	Осы ұйымдағы жалпы жұмыс өтілі	Жұмыс өтілін растайтын құжатқа сәйкес таңдау (еңбек кітапшасы)
102.	Біліктілігін көтеру курсынан өтті	Соңғы 5 жылдың ішінде біліктілігін арттыру курсынынан өткен пәннің атауын және жылын таңдау
103.	Менеджмент саласында біліктілігін көтеру мен қайта даярлаудан өтті	Курсты соңғы 5 жылдың ішінде өтсе, «иә» таңдау
104.	АКТ оқытуда қолдану бойынша, біліктілікті көтеруден өтті	Курсты соңғы 5 жылдың ішінде өтсе, «иә» таңдау
105.	Инклюзивті білім бойынша біліктілікті көтеру курсынан өтті	Курсты соңғы 5 жылдың ішінде өтсе, «иә» таңдау
106.	Оқыту тілі	Лайықты оқыту және тәрбиелеу тілін таңдау.
107.	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі	IELTS немесе TOEFL сертификатымен ағылшын тілін білудің сәйкес деңгейін атап өткен жөн (сертификат 2 жылға ғана жарамды). Тілді білмеген жағдайда, «ағылшын тілін білмейді» белгілеу керек. IELTS немесе TOEFL сертификаты болмаған жағдайда тілді білу деңгейін болжап белгілеу керек: Beginner – өзі туралы жай сөз тіркестерді және сөйлемдерді құрай алу, санай білу, адамдармен таныса алу, жай ақпаратпен алмаса алу. Elementary – түсіну және күнделікті сөз тіркестері мен сөйлемдерді таныс жағдаяттарда пайдалана алу – өзі, үйі, таныстары және қызығушылықтары туралы айта алу. Баяу сөйлейтін әңгімелесушімен тілдесудің мүмкіндігі. Ашық хатты жаза алу, сауалнаманы толтыра алу, шағын әңгімені құрай алу. Бейімделген әдебиетті оқу үшін шамамен 600 сөзден тұратын

лексикалық қордың болуы.

Pre-Intermediate – сөйлеуде қызығушылықтар, жұмыс, саяхат сияқты таныс жағдаяттарда жиі қолданылатын сөз тіркестерді (сөйлемдерді) пайдалана алу. Әлеуметтік жағдаяттарда қысқаша әңгімені үзбей сөйлесе алу. Шағын хабарламаларды және қысқаша хаттарды жаза алу, сонымен қатар оқыту фильмдерін көре алу. Бейімделген әдебиетті оқу үшін шамамен 1400 сөзден тұратын лексикалық қордың болуы.

Intermediate - жұмыста, оқуда немесе бос уақытында жиі істес болатын салаларда қолданылатын ағылшын тілін жазбаша және ауызша қабылдай алу. Сөйлеу мәнері баяу және нақты болғанда радио немесе телевизиялық бағдарламаларды түсіне алу. Ағылшын тілді елге саяхат кезінде стандартты жағдаяттардан шыға алу, әйгілі тақырыптарға дайындықсыз сөйлесе алу, өткен оқиғаларды, жоспарларды сипаттай алу, өз пікірін білдіре алу. Фильм немесе кітаптың мазмұнын, өз тәжірибесін және алған әсерін сипаттай алу. Бейімделген әдебиетті оқу үшін шамамен 1800 сөзден тұратын лексикалық қордың болуы.

Upper-Intermediate - азды-көпті таныс тақырыптарда ұзақ сөйлеуді жақсы түсіну. Стандартты диалектті телевизиялық жаңалықтар және публицистикалық бағдарламаларды және фильмдердің басым бөлігін түсіну. Ағылшын тілінде сөйлейтін адаммен әр түрлі тақырыптарда жеткілікті дәрежеде ерікті әрі кенеттен сөйлесе алу, талқылауға қатыса алу. Әр түрлі оқиғаларды байланыстыра, сауатты және егжей-тегжейлі сипаттай алу, эссе немесе есеп жаза алу.

		<p><i>Бейімделмеген және бейімделген әдебиетті оқу үшін шамамен 2300 сөзден тұратын лексикалық қордың болуы.</i></p> <p>Advanced - ұзақ сөйлеуді немесе лекцияны, телевизиялық бағдарламаларды және фильмдерді аса қиындықсыз түсіне алу. Әр түрлі стильдегі күрделі академиялық, техникалық және көркем мәтіндерді оқып, тобықтай түйінін айқындай алу. Тілді әлеуметтік, академиялық және кәсіптік мақсаттарда сенімді араласуда және байланыстыра, сауатты және тиімді пайдалана алу. Оқырманның сәйкес стилінде сипаты әр түрлі көлемді мәтіндерді жазу дағдысының болуы. Көркем әдебиеттің түпнұсқасын оқи алу.</p> <p>Proficiency – ағылшын тілін кез-келген нысанда оңай қабылдау. Емін-еркін араласа алу және мағынасының нәзік реңкімен өз пікірін кез-келген жағдайда дәлелдей алу. Мақалалар, есептер, эссе, сәйкес стильдегі хаттарды жазу дағдыларының болуы. Көркем әдебиеттің түпнұсқасын оқи алу.</p>
108.	Инклюзивті білім беру сыныптарының/топтар мұғалімі	Мұғалім оқытуды жүргізетін арнайы сыныптар/топтарды таңдау. Егер де бір уақытта әртүрлі арнайы сыныптар/топтарда сабақ беретін болса, ең көп сағат санына қарап бағытын таңдау
109.	Декреттік демалыста	«Иә» немесе «Жоқ» таңдау
110.	Жұмысқа қабылдау күні	Еңбек келісім-шартына, бұйрыққа еңбек кітапшасындағы жазуына, сәйкес толтыру
111.	Еңбек шартының мерзімі	ҚР Еңбек кодексі,30 б. бойынша белгілі/ белгісіз мерзімін таңдау
112.	Еңбек келісім шартын бұзу күні	Еңбек келісім-шартына, бұйрыққа,еңбек кітапшасындағы жазуына сәйкес толтыру
113.	Еңбек келісім шартының бұзылу себебі	Еңбек келісім шартының бұзылу себебінің біреуін таңдау (<i>басқа білім беру ұйымына жұмысқа өтті, Республика шегінен тыс, Республика облысы маңынан шықты, оқу</i>

		жүктемесінің жоқ болу себебі, тұрғын - үй алаңы болмағандықтан, басқа (мұғалімдік емес) жұмысқа ауысты, мүгедектік бойынша, зейнеткерлік жасқа жеткен оқуға, басқа себептер)
--	--	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Қызметкер бойынша жалпы есепті Excel форматына көшіруге болады. Мектеп қызметкерлерінің жұмыс өтілін «Қимыл» атқарылымы негізінде автоматты түрде санау үшін ҰББДҚ сайтында <https://e.edu.kz/73> пайдаланушы нұсқаулығы және оқыту-техникалық құжаттарын қарау қажет.

11. Бөлім «Контингент»

	Көрсеткіш	Түсініктеме
114.	ЖСН бар болуы	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
115.	ЖСН	Туу туралы куәлік/Жеке куәлік бойынша толтыру жеке сәйкестендіру нөмірлерін толтыру (ҚР 2007 жылғы 12.01 № 223 Заңы «сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы»)
116.	Тегі	
117.	Аты	
118.	Әкесінің аты	
119.	Туған күні	
120.	Жынысы	Туу туралы куәлік/Жеке куәлік бойынша толтыру
121.	Азаматтығы	Туу туралы куәлік бойынша анықтамадан елді таңдау
122.	Ұлты	Туу туралы куәлік/Жеке куәлік бойынша толтыру
123.	Топ	Жасына қарай лайықты топты таңдау (нәресте жас, туғанынан бір жасқа дейін балалар, ерте жас, 1-ден 2 жасқа дейін, 2-ден 3 жасқа дейін, мектепке дейінгі кіші жас, 3-тен 4 жасқа дейін, 4-тен 5 жасқа дейін, мектепке дейінгі үлкен жас, 5-тен 6 жасқа дейін, мектепалды дайындық, 5-тен 6 жасқа дейін (Мектепалды дайындық), әр жастағы топтар)
124.	Оралман	Болған жағдайда «иә», болмаған жағдайда «жоқ» таңдау
125.	Топтың атауы	Топтың атауын толтыру (Топтың атауын бірдей қылдырып, әр баланың сауалнамасында толтыру қажет. Қор автоматты түрде топтар және ондағы балалар санын санап, «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер» бөлімшесінде Контингенттен алынған есеп мәліметтерінде көрсетіледі)
126.	Оқыту тілі	Лайықты оқыту тілін таңдау

127.	Баланың медициналық есепте тұруы	«иә» немесе «жоқ» таңдау
128.	Логопедтік пунктке баратын	«иә» немесе «жоқ» таңдау
129.	Инклюзивтік білім берумен қамтамасыздандырылған	«иә» немесе «жоқ» таңдау
130.	Аз қамтамасыздандырылған отбасынан	«иә» немесе «жоқ» таңдау
131.	Жетім бала	«иә» немесе «жоқ» таңдау
132.	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала	«иә» немесе «жоқ» таңдау
133.	Мүгедек	«иә» немесе «жоқ» таңдау
134.	Ерекше қажеттіктері бар балалардың бұзушылықтарының түрлері	Бар болған жағдайда балалардың бұзушылықтарының түрлерін белгілеу (БМС, ПДК, сөйлеуде мүкістігі бар, соқыр, естімейтін, естуде мүкістігі барлар, кохлеарлық имплантардың иелері, жеңіл және желқабаз ақыл-ой кемтарлығымен, көкжөтел ауруының белгісі бар және басылған формасымен ауыратын, сколиозбен, нашақорлық және уытқұмарлықпен, тірек-қимыл аппаратының мүкістігімен, невротикалық жағдайларымен, жеке бастың патосипаттамалық дамуымен, жүріс-тұрыс бұзылулармен, есалаңдықпен, ерте маскүнемдікпен, ерте бала аутизмен)
135.	Келген күні	Ағымдағы оқу жылында келген оқушылардың келген күнін таңдау (5 қыркүйекке дейін)
136.	Кету күні	Бұйрыққа сәйкес күнді таңдау

Аталған бөлімшенің толық және дұрыс толтырылғанын тексеру. Оқушылардың сыныптан сыныпқа көшіру үшін «Қимыл» атқарылымы негізінде автоматты түрде санау үшін ҰББДҚ сайтында <https://e.edu.kz/73> пайдаланушы нұсқаулығы және оқыту-техникалық құжаттарын қарау қажет.

12. Формат-логикалық бақылау (ФЛБ)

ФЛБ – қордың толық және дұрыс толтыруын қадағалайды. ҰББДҚ міндетті түрде толтыратын көрсеткіштер бар, оларды толтырмаған жағдайда ФЛБ

шығады. ФЛБ нұсқаулығымен қатаң түрде толтыру қажет. ФЛБ қателіктерін дұрыстамаған жағдайда электронды- қолтаңба қойылмайды.

13. Электронды цифрлық қол қою (ЭЦҚ)

ЭЦҚ заңды тұлғаретінде мектеп директорының атында болуы қажет. ЭЦҚ қою ағымды әкімшілік есеп беру тапсырған болып табылады. Сондай-ақ, білім беру ұйымдарының статистикалық мәліметтерді тиісті органға тапсырғандығын көрсетеді. <https://e.edu.kz/73> сайтында ҰББДҚ оқыту-техникалық құжаттары және пайдаланушы нұсқаулығын қолдану.

14. Нормативтік құжаттар

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 - III «Бәләм туралы» Заңы (09.04.2016 ж. өзгерістер мен толықтырылар енгізілген).
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы № 1 Жарлығымен бекітілген.
- «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 223-III Қазақстан Республикасының Заңы (2014.07.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
- Мектепке дейінгі ұйымдар түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 206 бұйрығы.
- Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 Бұйрығы.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы»
- «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығы.